

IMPROVEMENT OF TECHNOLOGICAL PROCESSES TO IMPROVE THE QUALITY HONEY KVASS

Annotation

The paper presents the evaluation of methods to improve the quality and increase the shelf life of natural kvass. New methods of selection of raw materials and semi-finished products and of processes to ensure high quality of honey kvass

Key words: kvass, natural, technology, raw materials, quality, timing.

ӘОЖ: 619:616:084

Орақбай М., Заманбеков Н.А., Кобдикова Н.К., Байниязов А.А.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

КӨКЕМАРАЛ ДӘРІЛІК ӨСІМДІГІНЕН ДАЙЫНДАЛҒАН ТҰНБАНЫҢ ҚОЙЛАР ҚАНЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада дәрілік өсімдіктер жиынтығынан дайындалған тұнбаның бронхопневмония ауруына шалдыққан қойлардың қанының морфологиялық көрсеткіштерінің динамикасына әсер етуі ғылыми-зерттеу нәтижелері негізінде көрсетілген. Алынған зерттеу нәтижелері пайдаланылған көкемарал дәрілік өсімдігінен дайындалған тұнбаның бронхопневмония ауруына шалдыққан қойлар қанының морфологиялық көрсеткіштеріне тиімді әсер ететіндігін көрсетті. Тәжірибе тобындағы қойлар қанының морфологиялық көрсеткіштерінің шекті көтерілуі зерттеу мерзімінің 14-ші және 21—ші тәуліктерінде тіркелді. Атап айтқанда, лейкоциттер, лимфоциттер, моноциттер, эритроциттер және гемоглобиннің мөлшері бақылау тобындағы қойларға қарағанда, тиісінше, 36,8; 22,2; 22,7; 5,8; 16,9% -ға жоғарылайтындығы анықталды.

Кілт сөздер: тұнба, бронхопневмония, гематология; морфология; фондық көрсеткіштер, тәжірибелік топ, бақылау тобы, көлем, концентрация, әсер етуші негізі.

Кіріспе

Жекелеген функциялары бойынша, химиялық құрамы жағынан да көптеген емдік компоненттер мен биологиялық белсенді заттары бар емдік шөптердің бай қоры болып табылатын өсімдіктер әлемі табиғатына қарай күрделі өсімдіктерден жасалған препараттарды пайдалану ветеринарияда үлкен маңызға ие, себебі олар синтетикалық препараттарға қарағанда экологиялық тұрғыдан қауіпсіз, экономикалық жағынан тиімді, әрі қолжетімді дәрі-дәрмектер болып табыла алады. Сондықтан да өсімдіктер әлемінен дайындалатын жаңа препараттарды дайындау және оларды ветеринария саласына енгізу еліміздің флорасының байлығы көптеген мүмкіншіліктерге жол ашатындығын ескере отырып, қазіргі таңда үлкен ғылыми-тәжірибелік маңызға ие болып табылады.

Қазіргі кезде қолданыстағы дәрі-дәрмектің басым көпшілігі Республикамызға алыс-жақын шетелдерден жеткізіледі, ал отандық дәрі-дәрмектер әлі де болса да сұранысты жеткілікті түрде қамтамасыз ете алмайды. Ал шетелден тасымалданатын дәрі-дәрмектердің өзіндік құны тым жоғары. Міне осы тұрғыдан біз табиғаттың өзі тегін сыйлайтын мүмкіншіліктерді ұтымды пайдалануымыз керек.

Қазақстан территориясы әр түрлі шипалық қасиеті бар дәрілік өсімдіктерге өте бай. Өсімдіктердің құрамында баға жетпес компоненттерге өте бай, атап айтқанда, микроэлементтер, дәрумендер, ферменттер, эфир майлары, сапониндер және т.б.

Бағып-күтілуі, азықтандыру мен пайдалануына байланысты ауылшаруашылық малдар патологиясы ішінде ең көп тіркелетіні төлдің жұқпалы емес аурулары болып табылады. Еліміздің статистикалық деректері бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының жұқпалы емес аурулар ішінде тыныс алу жолдарының зақымдануы 20-30%-ын алатындығын және таралуы бойынша екінші орында екендігін көрсетеді (1.2.)

Қазіргі таңда тыныс алу жолдарының ауруларын емдеу мақсатында көптеген антибактериальды препараттар қолданылады (антибиотиктер, сульфаниламидті препараттар және т.б.). Өсімдіктерден дайындалатын емдік заттар бірталай ауруларды емдеуге үлкен маңызға ие. Пайдаланылатын дәрілік заттардың 40%-ы емдік мақсаттағы өсімдік шикізаттарынан жасалады. Дәрілік өсімдіктерді ветеринарияда пайдаланудың артықшылығы, оның мал өнімдерін ластамайтындығы, сондықтан ағзаның аллергия, сенсбилизация, интоксикациясына жол бермейтіні болып табылады (3).

Шарипбаевтің мәліметтеріне қарағанда Қазақстан Республикасының аумағы әр түрлі емдік өсімдіктерге бай және оларды клиникалық ветеринариялық тәжірибеде қолдануға болады, әрі емдік өсімдіктермен тыныс жолдары ауруларын емдеу жайлы зерттеу жұмыстары біршама зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілген (2, 4, 5, 6).

Осы мәліметтерге сүйене отырып, Қазақстан Республикасының табиғи байлығын ескере келе, өсімдіктерден дайындалатын дәрілік заттардың шипалық әсері олардың биологиялық белсенділігінің жоғары болуына байланысты ветеринариялық қызметтердің ғылыми фитотерапияға деген қызығушылығын арттыру керек деп тұжырымдауға болады. Дәрілік өсімдіктерді пайдалану олардың құрамындағы биологиялық белсенді заттар – әсер етуші бастамасының ағзаға аз мөлшерде түссе де белгілі бір физиологиялық және терапевттік әсер етуімен негізделген.

Көкемарал дәрілік өсімдігінің құрамында эфир майлары (0,4 – 1,3%), пальмитин қышқылы (3,1%), амин қышқылы (7,4 %), стеарин қышқылы (1,2%), линолин қышқылы (70,5%), сапониндер, кумариндер, флавоноидтар (0,5-0,11%) және басқа заттар болады.

Материалдар мен әдістер

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: жоғарыда айтылғандарды ескере келе біз өз зерттеулерімізде көкемарал дәрілік өсімдігінен дайындалған тұнбаның қойлар қанының морфологиялық көрсеткіштерінің динамикасына әсер етуін мақсат тұттық. Осыған сәйкес 1:10 қатынасында көкемарал дәрілік өсімдігінен дайындалған тұнбаның қойлар қанының морфологиялық көрсеткіштерінің динамикасына әсерін зерттеуін міндет тұттық.

Ғылыми – тәжірибелік жұмыстары Алматы облысына қарасты Талғар ауданындағы «Алипов Т» жеке шаруа қожалығында жүргізілді. Тәжірибеге жіті түрде өтетін бронхопневмонияға шалдыққан меринос тұқымына жататын қойлар алынды. Қойлар 2 топқа бөлінді: тәжірибе және бақылау. Тәжірибе тобындағы қойларға көкемарал дәрілік өсімдігінен дайындалған тұнба 1:10 қатынасында ауыз арқылы берілді, цефазолин антибиотигі және тетравит витамині бұлшық етке егілді, ал бақылау тобына цефазолин антибиотигі ғана егіліп отырды. Тұнба қойларға резеңке бөтелкелермен ішкізілді. Зерттелінетін қан келесі кезекпен: дәрі – дәрмектер мен тұнбаны қабылдағанға дейін және қабылданғаннан кейінгі 7,14,21,28 – ші тәуліктерінде алынды.

Қанның морфологиялық көрсеткіштерін зерттеу Қазақ ғылыми–зерттеу ветеринариялық институтының «Тағам қауіпсіздігі» зертханасында MS4 автоматты гематологиялық анализатор (Франция) көмегімен жүргізілді. Сапа бақылауы: қан Еуропа стандарттарына сәйкес үш сатылы бақылау бойынша анықталады: әр көрсеткішке сызба, статистикалық кесте және нобайлары бар нақты есептеулер берілді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Зерттеу нәтижелері төмендегі 1-ші кестеде көрсетілген. Алынған зерттеу нәтижелері препараттарды пайдалағанға дейін екі топтағы қойлардың фондық ағымдағы көрсеткіштері бірдей болатындығын көрсетті. Зерттелінетін көрсеткіштердің өзгерістері зерттеудің келесі мерзімдерінде байқалады. Тәжірибе тобындағы қойлардың лейкоциттері (WBS) 7,14,21 және 28-ші тәуліктерде бақылау тобындағыларға қарағанда, тиісінше, 16,0; 34,5; 36,8; және 11,3%-ға, ал лимфоциттердің (LYM) мөлшері бақылау тобына қарағанда, тиісінше, 11,7; 22,2; 16,6 және 15,7%-ға жоғарылағандығы байқалды [$P<0.001$; $P<0.05$; $P<0,0001$].

Моноциттердің (MON) мөлшері тәжірибе тобындағы жануарларда бақылау тобына қарағанда, тиісінше, 27,9; 33,6; 39,1 және 26,7%-ға көтерілді. Зерттеудің 7-ші тәулігінде гранулоциттердің концентрациясы тәжірибе тобында бақылау тобымен салыстырғанда 5,9%-ға, ал 14, 21, 28-ші тәуліктерде 14,9; 22,7 және 20,5%-ға жоғарылады [$P<0.001$]. Зерттеудің 7, 14, 21 және 28-ші тәуліктерінде эритроциттердің концентрациясы тәжірибе тобындағы жануарларда бақылау тобына қарағанда тиісінше 2,1; 2,8; 5,8 және 4,8%-ға көтерілді.

1-кесте. Көкемарал дәрілік өсімдігінен дайындалған тұнбаның бронхопневмониямен ауырған қойлар қанының морфологиялық көрсеткіштерінің динамикасына әсері (M ± m; n = 10)

	Топтар	Көрсеткіштер															
		(WBC) Лейкоциттер, M/mm ³	(LYM) Лимфоциттер, %	(MON) Моноциттер, %	(GRA) Гранулоциттер, %	(RBC) Эритроциттер, M/mm ³	(MCV) Эритроциттердің орташа көлемі, fL	(Hct) Гематокрит, %	(MCH) Гемоглобиннің эритроциттердегі орташа көрсеткіші, pg, концентрациясы	(MCHC) Гемоглобиннің эритроциттағы орташа концентрациясы, g/dl	(RDW) Тромбоцит анизоцитозының көрсеткіші, g/dl	(Hgb) Гемоглобин, g/dl	(PLT) Тромбоциттер, M/mm ³	(MPV) Тромбоциттердің орташа көлемі, fL	(Pct) Тромбоцитокрит,	(PDW) Анизоцитоз көрсеткіші, %	
Зерттеу күндері	1	O	10,03	44,4	3,98	21,4	7,44	32,34	25,64	10,1	29,30	15,70	8,53	321,3	7,70	0,25	8,60
		K	10,16	37,08	3,83	19,64	7,92	33,76	25,96	10,0	29,48	15,63	8,32	323,6	7,85	0,29	8,74
7	O	O	16,05	71,05	5,69	25,48	8,35	34,6	27,88	10,6	31,16	16,85	9,75	357,3	8,86	0,34	9,88
		K	13,84	63,58	4,45	24,05	8,18	34,5	26,32	10,3	30,48	16,12	8,84	331,8	8,68	0,30	9,10
14	O	O	22,66	74,6	6,68	37,8	8,52	35,3	28,75	10,95	34,45	16,98	9,52	384,3	8,98	0,36	9,82
		K	16,85	61,04	5,00	32,9	8,29	35,1	27,52	10,62	31,72	16,35	9,18	371,7	8,78	0,32	9,39
21	O	O	34,32	89,3	7,78	42,2	8,82	36,2	29,01	12,46	36,32	17,74	10,05	417,6	8,84	0,37	10,22
		K	25,08	76,6	5,80	34,4	8,34	35,6	28,16	11,40	31,83	16,39	9,15	382,1	8,45	0,33	9,72
28	O	O	18,75	82,7	6,12	36,4	8,57	35,5	29,08	12,32	34,72	16,88	9,78	380,3	8,80	0,35	10,00
		K	16,85	71,5	3,83	30,2	8,18	34,9	27,52	11,31	30,38	16,08	8,36	331,7	8,33	0,31	9,43

Эритроциттердің орташа көлемі (MCV) тәжірибелік жануарларда бақылау тобына қарағанда көбірек болды.

Гематокрит көлемі (Hct) де тәжірибелік жануарларда бақылау тобына қарағанда жоғары екендігі анықталды. Осылайша, жоғарыда көрсетілген мерзімде гематокрит көлемі тәжірибелік жануарлар тобында бақылау тобына қарағанда тиісінше 5,9; 4,5; 3,0 және 5,7%-ға көтерілді. Эритроциттегі гемоглобиннің орташа мөлшері (MCH) тәжірибелік жануарлар тобында бақылау тобына қарағанда көбірек болды және ол 10,1- 12,46-дан 29,30- 36,32%-ға дейін жоғарыласа, ал бақылау тобында 29,48- 31,83% аралығында болды [$P<0.01$; $P<0.05$];

Зерттеудің 7, 14, 21 және 28-ші тәулігінде тромбоциттердің анизацитозы тәжірибелік тобындағы жануарларда 15,70-тен 17,74%-ға дейін жоғарыласа, ал бақылау тобында тиісінше 10,3; 6,9; 9,8 және 16,9%-ға дейін ғана көтерілді [$P<0.05$]

Тромбоциттердің концентрациясы (PLT) зерттеудің барлық мерзімдерінде зерттелген топтарда біршама жоғарылап көтеріліп отырды, дегенімен тәжірибелік тобындағы қойларда айқын түрде байқалады. Жоғарыда көрсетілген зерттеу күндері тәжірибелік топтағы қойларда тромбоциттердің дәрежесі бақылау тобына қарағанда тиісінше 7,7; 9,0; 9,3 және 8,1%-ға көтерілді. Тромбоциттердің орташа көлемі (MPV) тәжірибелік топтағы қойларда 7,70 -8,98%-аралығында болды [$P<0.01$; $P<0.05$; $P<0.001$]

Анизацитоз көрсеткіштері (PDW) жоғарыда көрсетілген зерттеу мерзімдеріне сай тәжірибелік топта, сәйкесінше, 8,6; 7,9; 5,1 және 6 ,0% болды

Алынған қанның морфологиялық көрсеткіштері тәжірибелік топтағы қойларда айқын көтерілді. Осылайша, лейкоциттер мөлшері 0,03 тен 34,32 М/ мм³ -ға лимфоциттер 44,4-тен 89,3%-ға; моноциттер -3,98-ден 7,78 %-ға; гранулоциттер-21,4-тен 42,2%-ға; эритроциттер -7,44-тен 8,82 М/ мм³-ке; гематокрит -25,64-тен 29,01-ге; гемоглобин-8,53-тен 10,05g/dl-ге; тромбоциттер 321,3-тен 417,6 fl-ға; анизацитоз көрсеткіштері -8,60-тан 10,22%-ға жоғарылайтындығы анықталды. Морфологиялық көрсеткіштер концентрациясының көп мөлшерде жоғарылауы зерттеудің 14-ші және 21-ші тәуліктерінде тіркелді. Бақылау тобындағы қойлардың көрсеткіштері тәжірибелік тобына қарағанда айтарлықтай төмен болатындығы байқалды.

Қорытынды

Сонымен зерттеу нәтижелерін сараптай келе дәрілік көкемарал дәрілік өсімдігінен дайындалған тұнбанын цефазолин антибиотигі және тетрациклин витаминдерімен бірге кешенді айқын фармакореттегіш әсерге ие екендігі тәжірибе жүргізу барысында анықталды. Қолданылған емдік өсімдіктің фармакотерапевтік әсерін оның құрамындағы биобелсенді заттардың бар болуымен түсіндіруге болады.

Әдебиеттер

1. *Муралинов К.К* Диагностика лечение и превентизация легочных болезней животных //Мат.1V-й Международной научно-практической конференции, Улан-Батор, 2001, с. 301-302.
2. *Шарипбаев Н.Ш.* Пайдалы өсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану .-Алматы ,издательство «Қайнар» 1988,-149 с.
3. *Ұлан Қожақан.* Жануарлардың бронхопневмониясында шегіргүлден дайындалған препараттың әсері: дисс. к.в.н., Алматы, 2010.-111с.
4. *Кукенов М.К., Рахимов К.Д.* Лекарственные растения Казахстана и их использование. –Алматы,1996-149 с
5. *Вильданов Р.Х., Вильданова Р.Х.* Лекарственные травы респираторной патологии у телят. Ж. Ветеринария -2005-№ 4-с.11-13.
6. *Мазнев Н.И.* Высокоэффективные лекарственные растения. Большая энциклопедия народной медицины. Москв.- 2013-605 с.

Оракбай М., Заманбеков Н.А., Кобдикова Н.К., Байниязов А.А.

ВЛИЯНИЕ НАСТОЯ ИЗ ЛЕКАРСТВЕННОГО РАСТЕНИЯ ЗИЗИФОРЫ ПАУЧКОВИДНОЙ НА ДИНАМИКУ МОРФОЛОГИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КРОВИ ОВЕЦ

Аннотация

Анализируя полученные результаты исследований следует отметить, что использованный настой из лекарственного растения зизифора паучковидной в комплексе с антибиотиком цефазолин и тетравит обладают выраженным фармакокорректирующим действием. Следует полагать, что выраженный фармакотерапевтический эффект лекарственного растения объясняется наличием в их составе биоактивных действующих начал.

Ключевые слова: настой, бронхопневмония, гематология, морфология, фоновые показатели, опытная группа, контрольная группа, величина, концентрация, действующее начало.

Orakbay M., Zamanbekov N.A., Kobdikova N.K., Bayniyazov A.A.

INFLUENCE EXTRACT FROM MEDICINAL PLANT ZIZIFORY PAUCHKOVIDNOY ON SPEAKER OF THE MORPHOLOGICAL FACTORS SHELTERS SHEEP

Annotation

Analyzing the results of research, it should be noted that breast collection of medicinal plants used in conjunction with an antibiotic cefazolin and tetrovit have apronounced farmakokorregier effect. It should be assumed that the pronounced farmakoterapevticeskij effect of medicinal plants due to the presence of bioactive acting began.

Keywords: chest collection, bronchopneumonia, hemotology, morphology, background levels, experimental group, control group, concentration, active principle.

УДК 614.48:616.98

Самбетбаев А. А.

Казахский Национальный Аграрный Университет

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ДЕЗИНФЕКТАНТОВ ПРОТИВ ЛИСТЕРИИ

Аннотация

В данной статье рассматривается вопрос эффективности применения пяти коммерческих дезинфектантов зарубежных производителей в отношении пяти патогенных штаммов *Listeria monocytogenes*.

Ключевые слова: листерии, листериоз, дезинфектанты, предприятия пищевой промышленности, объекты окружающей среды.

Введение

На сегодняшний день количество исследований, касающихся листерий, планомерно увеличивается, и исследование различных аспектов связанных с *Listeria monocytogenes* в частности продолжаются. *L.monocytogenes* - это бактерии патогенные для человека и